

Үржар ауылындағы көшенің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Үржар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 26 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 наурызда № 3744 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабы 2 тармағына сәйкес, 2015 жылғы 29 қаңтардағы Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындардың пікірін ескере отырып, Үржар ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Үржар ауылындағы Буденый көшесі - Ұлы Отан соғысының ардагері "Рахманбек Тұрғанбаев" атындағы көшесі деп атауы өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Б. Актановаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Үржар ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

В. Щуцкий